

2025–2026 оқу жылына арналған үйірме және секция жұмыстарының жылдық есебі

2025–2026 оқу жылында «Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі бағыттағы үйірмелер мен спорт секциялары жұмыс жүргізді. Мектеп бойынша үйірме және секция жұмыстары арнайы бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылып, оқушылардың қызығушылықтарына қарай қатысулары қамтамасыз етілді. Үйірмелерге 1–11 сынып оқушылары қамтылды. Жыл бойы спорттық, интеллектуалдық, шығармашылық және ұлттық бағыттағы үйірмелер тұрақты түрде өткізілді. Атап айтқанда: волейбол, үстел теннисі, шахмат-шашки, шаңғы, тоғызқұмалақ, асық ойындары арқылы оқушылардың дене тәрбиесі мен ұлттық ойындарға қызығушылығы арттырылды. Сонымен қатар «Мәтінтану», «Математика және логика», «Театр әлемінде», «Дебат “Спикерлер”», «Қолөнер», «Кел балалар оқылық!», «Вокал», «Кел билейік!» үйірмелері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, эстетикалық тәрбие беру бағытында нәтижелі жұмыстар атқарды. Үйірме жетекшілері оқушылардың қабілеттерін ескере отырып, әртүрлі сайыстар, танымдық ойындар, шығармашылық жұмыстар мен спорттық жарыстар ұйымдастырды. Оқушылар мектепішілік іс-шараларға белсенді қатысып, өз өнерлері мен білімдерін көрсете білді. Жалпы, 2025–2026 оқу жылында үйірме және секция жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп; оқушылардың жан-жақты дамуына, бос уақыттарын тиімді өткізуіне және шығармашылық белсенділіктерінің артуына оң әсерін тигізді.

Әлеуметтік педагог



Т.Асылбеков